



УДК 342

Бақтыбеков Мұхтар Бақтыбекұлы

докторант, Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университеті. Семей қ.
e-mail: mukhtar-79@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНҢ ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢІНДЕГІ КОНСТИТУЦИОНАЛИЗМНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Конституционализм қоғам мен мемлекеттің дамуына қажетті саяси құқықтық институттарды топтастыратын және олардың Конституцияда бекітіліп жүзеге асуын қамтамасыз ететін идея. Зерттеу жұмысында Конституционализм идеясы конституциялық тарихи процесстермен беріледі.

Түйін сөздер: Конституциялық реформалар мен конституциялық процесс, Конституция, Конституционализм, Конституциялық құрылыс.

Конституционализм позволяет сформировать политико-правовую мысль в ходе развития общества и государства, закрепляет их в Конституции и тем самым обеспечивает реализацию этих идей. В исследовательской работе были проанализированы понятие «конституционализма» в рамках исторического развития страны.

Ключевые слова: Конституционные реформы и конституционный процесс, Конституция, Конституционализм, Конституционный строй.

Constitutionalism allows the formation of political and legal thought in the course of the development of society and the state, consolidates them in the Constitution and thereby ensures the realization of these ideas. In the research work, the concept of "constitutionalism", within the framework of the historical development of the country.

Key words: Constitutional reforms and constitutional process, Constitution, Constitutionalism, constitutional system.

Мемлекет пен қоғам үшін оның негізгі сұрақтарын, элементтерін, саяси құқықтық институттарын ұйымдастыру мен анықтау өзекті болып табылады. Осы мәселеде Конституцияның атқаратын қызметі мен мәні орасан зор десек болады. Ол қоғамдағы саяси күштер мен әлеуметтік топтар арасындағы консенсусты қамтамасыз етеді, негізгі идеялар мен құндылықтарды, қағидаларды жариялайды және бекітеді.

Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алғаннан бастап демократиялық, құқықтық мемлекет ретінде жариялап, мақсаттарға қол жеткізуде оның элементтері мен институттарын халықаралық қауымдастықтың талаптарына сай

халықтың еркімен жүзеге асыруда. «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.»[1] деп өзінің Конституциясының 1-бабы 1-тармағында бекітіп отыр.

Алға қойған мақсаттарға жетуде мемлекеттік және құқықтық жүйесін дамытып, қоғамдық тұрақтылық пен конституциялық дамуды қалыптастырды. Әсіресе тарихтың сын сағаттарында егемендікті жариялау барысында өзінің конституциялық құрылысын бекітетін бірнеше саяси-құқықтық маңызы бар

құжаттарды қабылдай білді. Бұл кезең Қазақстан Республикасының егемен ел ретінде құрылуы мен нарықтық даму жүйесінде демократиялық мемлекет болып қалыптасуының кезеңін қарастырады. Мемлекет алдында дамудың жаңа бағыттары мен мақсаттарын анықтау міндеттері қойылды. Қазақстан үшін егемендікті бекіту, әлем картасында тәуелсіз ел ретінде түсу, өзіндік мемлекеттік билігін анықтау мен қоғамдық және мемлекеттік дамудың негізі болатын қағидалар мен идеяларды бекітіп оның жүйесін құру. Сонымен бірге қазіргі кезеңдегі дамыған мемлекеттер мен өркениет дамуындағы жетістіктерді қабылдап, халықаралық қарым қатынастың тең мүшесі болу.

Еліміздің Кеңес Одағынан бөлінуі және нарықтық экономикалық жүйеге көшуі қазіргі мемлекеттер нысанын және қоғамдық қатынастар мен құндылықтар жүйесін жаңадан бекітуді қажет етті. Жаңа құрылған мемлекет үшін көп міндеттер мен тапсырмалар жүктеді. Мемлекеттіліктің алғашқы кезеңінде егемендік, мемлекеттік билік пен оны ұйымдастыру, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары, қоғамның демократиялық институттары мен элементтері сияқты мәселелер анықтап, заңдық мәртебелерін бекіту.

Академик Г.С.Сапарғалиев Қазақстан Республикасының конституциялық заңнамасының қалыптасуының бірнеше кезеңдерін көрсетеді. Бірінші кезең, Қазақ КСР Конституциясына 24 сәуір 1990 жылғы «Президент билігін бекіту туралы» Қазақ КСР заңының қабылдануымен өзгеріс енгізумен байланыстырады, бұл Қазақстан Республикасының жаңа конституциялық заңнамасының құрылуының бастамасы болды. Бұл Конституцияға әдеттегі өзгеріс емес, осы арқылы мемлекеттік басқару жүйесінде үлкен жаңашылдық болды - Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің монополиялық билігі шектелді, КО Коммунистік Партиясының басқарушылық мәні тоқталды, меншіктің бірнеше нысаны танылды.

Н.А.Михалеваның ойы бойынша, «ТМД елдері екі кезеңдегі конституциялық реформадан өтті. Біріншісі, эволюциялық, тоталитарлық партиялық мемлекеттік социализмнен батыстық типтегі либералдық-демократиялық постиндустриалды қоғамға ауысуы; екіншісі, революциялық, жаңа конституциялардың қабылдануы мен конституциялық процесстердің динамизмі».

25 қазан 1990 жылы «Қазақ КСР мемлекеттік егемендігі туралы Декларация» қабылдаумен ұлттық мемлекеттілік бекітіліп, Қазақ КСР мемлекеттің саяси, экономикалық, әлеуметтік, ұлттық-мәдени құрлымындағы сұрақтарды, оның әкімшілік территориялық құрлымын, мемлекеттік басқару мен билік органдарының құзыреті мен құрлымын өзі анықтай алатын болды. Республиканың мемлекеттік билігі «заң шығару, атқару, соттөрелігі тармақтарына бөліну принципімен» құрылатындығы бекітілді.

16 желтоқсан 1991 жылы ҚР Жоғарғы Кеңесі «Мемлекеттік тәуелсіздік туралы» ҚР Заңын қабылдады. Осы заң арқылы Қазақстан Республикасының өз билігін өзі анықтайтын, мемлекеттік билік жүйесін өзі құратын, өз саясатын жүргізетін ел ретінде мәртебесін бекітіп берген болатын. Осы кезеңде өзге де өзгерістер мен толықтырулар болып жатты. Олар егемендік туралы, билік туралы, меншік туралы, тұлғаның құқықтық мәртебесі туралы және т.б. қоғамның маңызды сұрақтары бойынша. «Қоғамда конституциялық қайтақұрулар мен реформалар жүргізіліп отырды. Конституциялық заңнамалардың эволюциялары барысында мемлекеттің атауы, қоғамның социалистік моделінің нарықтық жүйеге бағытталуы, адамды ең жоғарғы құндылық деп тану, құқықтық мемлекет концепциясын бекіту, құқық пен заңның үстемдігін тану, биліктің бөлінуі, көппартиялық жүйені бекіту, мемлекеттік басқарудың моделін жетілдіру бекітілді.» [2, 299 бет.]

Бұндай маңызды конституциялық құқықтық құжаттар өтпелі кезеңдегі мемлекеттіліктің негізін анықтап берді, жаңа даму бағытын ұстанған еліміздің конституциялық құндылықтарын айқындап мемлекеттің орнығуына жағдай жасады, конституциялық негізін қалады.

Трансформация кезеңінде 1978 жылғы Қазақ КСР Конституциясы қолданылып жатты, бірақ көптеген қайшылықтарға толы болды. Ондағы ескі идеологиялық түсініктер мен саяси институттар нарықтық жүйеге бағытталған либералдық демократиялық қоғамның талаптарымен қарама қайшылықтарды тудырды. Осы кезеңдерде бұл Конституция көптеген өзгерістер мен толықтырулармен қолданылып отырды, бұл жаңа Қазақстанның негізгі заңының қабылдануын қажет етті.

Жаңа бағыттағы тәуелсіз Қазақстан Республикасының алғашқы Конституциясын қабылдау бойынша жұмыстар жүргізілді. Оны

жасау барысында шынайылыққа, нормалардың өміршендігіне назар аудару туралы талаптар қойылды. Академик С.З.Зиманов «мемлекеттің конституциялық дамуындағы рационалды тәжірибелерді пайдалану керек... Қайтақұру кезеңінде Конституцияда перспективалық тұрақты тенденцияларды бекітіп, оған негізгі ұстаным болатын заңдық күшін бекіту керек... Конституцияның ережелерінен «жариялық», «насихаттық» бағыттарын алып тастап, оларды демократиялық өркениетті қоғамды құруға бағытталған шынайы және өміршең нормалармен ауыстыру қажет...» деп айтып өткен болатын. Бұл қоғамдағы Конституцияның формализмнен барынша аулақ болып, тікелей қолданылатын ең жоғары күшке ие акті болуын көрсетеді.

28 қаңтар 1993 жылы Қазақстан Республикасының Конституциясы Жоғарғы Кеңесте қабылданды. Бұл құқықтық мемлекеттің дамуы үшін қажетті барлық институттарды бекітті. Саяси және әлеуметтік экономикалық сферада жаңа қатынастарды бекітті, қоғамдық саяси ситуацияда тұрақтылықты сақтап қалды. Елдің егемендігін ең жоғарғы құқықтық деңгейде бекітіп, территория, билік, саяси плюрализм, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау жүйесін бекітті. Бірақта уақыт өте келе бұндағы негізгі ережелер жаңа қоғамның талаптарына сай келмейтін ұстанымдардың бар екендігін көрсетті. Олар Қазақстан Республикасының одан әрі қарай дамуына кедергі келтіретін факторларға айналды.

«Адам өмірі, халықтың өмірі сан қырлы, кез келген мемлекеттік шешімдер мен құжаттар ерте ме кеш пе уақыттың талабынан қалып қояды, ескіреді. Конституция да қоғам мен мемлекет өміріндегі шынайы процесстерді көрсете білу керек. Конституциялық процесс кез келген мемлекетте Конституцияның қабылдауымен тоқтап қалмайды, оның өзіндік логикасы мен кезеңдері болады. Осында саяси және әлеуметтік экономикалық процесстердің заңи негізі қоғамда жүріп жатқан қозғалыстарға

сай ғана болмай оның алдында жүруі қажет.» [3, 311 бет.]

Осы талаптарға сай болу мақсатында 30 тамыз 1995 жылы жалпыхалықтық референдум арқылы еліміздің қазіргі Конституциясы қабылданды. Бұл еліміздік әлемдік конституционализм идеясына жетуге үмтылысының негізі болды. Постсоциалистік кезеңдегі конституциялық дамудың қиындықтарын шешіп, жаңа бағытта өрбитін демократиялық қоғамның институттарын нығайтты.

Бұндай актілерде Қазақстан Республикасының мемлекеттілігінің негіздері, идеялары, конституциялық құндылықтары, конституциялық құрылыс пен жүйе бекітілді. Мемлекеттің дамуының жаңа белесі басталып, еліміз нарықтық жүйеге негізделген демократиялық құқықтық мемлекет жолын анықтады.

Мемлекеттің қалыптасуы мен қоғамның дамуы үшін конституцияда айқындалған идеялар мен қағидалар, ережелер мемлекеттің ұстанымы мен бағыттарын айқындап, теориялық тұрғыдан жолын ашып, қоғамның жүйелі дамуын қамтамасыз етеді. Сондықтан мемлекет пен қоғамдағы институттардың үйлесімді жұмыс істеуі мен өміршең болуы, сол уақыт талабына сай болуы мемлекеттің негізгі заңына байланысты.

Конституция тек негізгі заң ғана емес, бүкіл саяси және құқықтық жүйені үйлестіруші, қоғамдық келісім шарты, құндылықтарды бекітуші және танушы негізгі құжат, сонымен бірге идеялар мен арман мақсаттарды белгілейтін идеологиялық жоспар. Конституция қоғам мен мемлекеттің дамуының маяғы десек болады. Осы негізгі құжатты қабылдау арқылы әр мемлекет өзінің ұстанымын, интеграция барысындағы мемлекеттік мүддесі мен ғаламдық мүдделердің өзарабайланысын қамтамасыз етеді. Қазіргі күнгі тенденция, мемлекеттің әлемдік қауымдастықтың толыққанды мүшесі ретінде тығыз байланыста болуын қарастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30.08.1995 ж.
2. Матаева М.Х. Конституционная история Казахстана и стран Центральной Азии. XX век (сравнительно-правовое исследование) –Астана: Елорда, 2007-416 стр.
- 3 Осында
- 4 Юридический энциклопедический словарь. Под общ.ред. В.Е.Крутских. Москва.:ИНФРА-М, 2000- 450 стр
- 5 Становление правового государства и конституционный процесс в Республике Казахстан. М.Т.Баймаханов, З.К.Аюпова, А.С.Ибраева, Г.С.Джусупова. Алматы: КазГЮА; 2001 -287 с.

6 Осында

7 И.А.Кравец. Российский Конституционализм: проблемы становления, развития, и осуществления. Издательство Р.Асланова «Юридический центр пресс» 2005. <http://www.rumvi.com/products/ebook>

8 Становление правового государства и конституционный процесс в Республике Казахстан. М.Т.Баймаханов, З.К.Аюпова, А.С.Ибраева, Г.С.Джусупова. Алматы: КазГЮА; 2001 -287 с.

9 И.А.Кравец. Российский Конституционализм: проблемы становления, развития, и осуществления. Издательство Р.Асланова «Юридический центр пресс» 2005. <http://www.rumvi.com/products/ebook>

Бақтыбеков Мұхтар Бақтыбекұлы

Лауазымы: докторант, Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университеті, Семей қ.

Пошталық мекен-жайы: 071417, Қазақстан Республикасы, Семей қ, Юность 6-6

Ұялы. тел: +7 777 163 65 92

Қазақстан республикасының тәуелсіздік кезеңіндегі конституционализмнің қалыптасуы

Бактыбеков Мухтар Бактыбекулы

Должность: докторант, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, г.Семей

Почтовый адрес: 071417, Республика Казахстан, г.Семей, переулок Юности 6-6

сот. тел: +7 777 163 65 92

Становление конституционализма в период независимости Республики Казахстан

Baktybekov Mukhtar Baktybekuly

Position: Doctoral student, Kazakh Humanitarian Juridical Innovative University, Semey city

Mailing address: 071417, Republic of Kazakhstan, Semey, Youth 6-6 Alley

Mob.phone: +7 777 163 65 92

The formation of constitutionalism in the period of independence of the Republic of Kazakhstan